Халым Ботаның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ-ағылшын тілдері бойынша) атты диссертациясына ғылыми жетекшінің

# ПІКІРІ

Зерттеу жұмысы өзекті тақырыпқа арналған. Бүгінгі жаһандану заманында қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымды және жағымсыз «мінез» концептісін сипаттайтын лексика-фразеологизмдерге талдау жасау екі ұлт арасындағы коммуникация кедергілеріне ықпал ететін маңызды зерттеу деп есептеймін.

Туыс емес екі ұлт мінезіндегі құндылықтар мен ұлттық ұстанымдардың, ұлттық дүниетаным мен мәдениеттің ұқсастығы мен айырмашылығына қатысты тілдік деректерді жинаған. Қазақ және ағылшын халқының дүниетанымдық ерешеліктерін айқындау үшін диссертант алдымен мінез туралы писхологиялық, педагогикалық және ұлттық мінез туралы еңбектерді жан-жақты қарастырған, терең талдау жасаған.

Жұмыстың екінші тарауы жағымды және жағымсыз мінезді сипаттайтынн лексика-фразеологизмдер, сондай-ақ, зоонимді компоненттері бар фразеологизмдерді ағылшын тілімен салғастыра отырып, көрнекі кесте түрінде мазмұндық ерекшеліктерін сипаттаған. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымды және жағымсыз мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдер әр ұлттың мәдениеті мен дүниетанымына, діні мен діліне, тарихына, рухани танымына, көзқарастарына, әдеттері мен салт-санасына, ұлттық психологиясына сай екендігін жинаған мысалдар арқылы дәлелді жазған. Қазақ және ағылшын мінезіндегі құндылықтар бойынша ерекшеліктер және мінез түрлерінің гендерлік ерекшеліктері туралы қызықты салыстырулар бар.

Қазақ және ағылшындардың ұлттық құндылықтары мен мінез ерекшеліктерінің көркем шығармалардағы мысалдары арқылы кейде өзара ұқсас тұстары, кейде айырмашылықтары орасан зор екені де анықталды. Кез келген халықтың мәдениеті өзіндік ұлттық сипатынан ерекшеленеді. Әр ұлттың мінезі мен психологиясын тануда олардың өмірге көзқарасы мен ұстанымдары маңызды рөл атқарады. Ағылшындардың ұлттық құндылықтарына сай мінез сипаттары көбінесе *ұқыптылық, паңдық, ұстамдылық* болса, қазақтарда *қонақжайлылық, ақкөңілділік* тән. Сондай-ақ, *аңқаулық* пен *қарапайымдылық* та қазақтың ұлттық мінез сипатының бір көрінісі деп тұжырым жасайды. Қазақ үшін маңызды ұлттық құндылықтың бірі – *отбасы*. Бірақ ағылшындардағы отбасы құндылықтарының бір ерекшелігі қазақтардағыдай үнемі бірге уақыт өткізіп, туған-туыспен тығыз қарым-қатынас орнатпауында екен. Демек әр ұлттың құндылықтары ұлттық мінез сипаттарының көрінісін құрайтын басты элементтері.

Қазақ ұлтына және ағылшын ұлтына тән мінез сипаттарындағы гендерлік ерекшеліктер аталған халықтардың ұлттық ұстанымдары мен тарихи кезеңдерде

қалыптасқан салттар мен әдеттерге сай анықталды. Мұндай ерекшеліктерді анықтауда сол ұлттың көркем шығарма мәтіндері негізгі материал көзі болғандығын кесте арқылы берілген мысалдардың мазмұнынан байқаймыз.

Мәдениетаралық қатысымдағы мінездің дискурстық сипатын үш түрге жіктеп қарастырған: этикеттік, дипломатиялық және мінездің трансформациялануы. Қазақ және ағылшын халықтарының дүниеге көзқарасы мен ұстанымдарының тұрмыстық, көркем, публицистикалық, дипломатиялық дискурстардағы көрінісі және мәдениетаралық қатысымдағы сипаты нақты мысалдармен талдаған.

Диссертациялық жұмыс теориялық және практикалық жағынан құнды. Лексика, фразеология, лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация арқылы тілдерді оқыту кезінде білім беру үдерісінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдары нақты, қажетті логикалық тұжырым ретінде берілген.

Қорыта келе айтарымыз: диссертанттың зерттеу жұмысының жазылу мақсатына қарай, алдына қойған міндеттері ғылыми талапқа сай толық сараланған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты Бота Халымның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған **«Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты» (қазақ-ағылшын тілдері бойынша)** атты диссертациясын қорғауға болады деп есептеймін.

**Кыршехир Ахи Эвран университетінің**
**қауымдастырылған профессоры, доктор PhD** **Осман Кабадайы**

